

Қонаев қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Қонаев қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 1 сәуірдегі № 291 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 сәуірде № 6104-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қонаев қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қонаев қаласының әкімі

Н. Куматаев

Қонаев қаласы әкімдігінің 2024 жылғы
1 сәуірдегі № 291 қаулысына қосымша

Алматы облысы Қонаев қаласы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" 2009 жылғы 30 сәуірдегі № 338 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2-2-83 болып тіркелген);

2. "Үйде тәрбиеленіп, оқитын мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек туралы" 2009 жылғы 29 мамырдағы № 469 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2-2-86 болып тіркелген);

3. "Үйде тәрбиеленіп, оқитын мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек туралы" қала әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы № 469 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2010 жылғы 28 сәуірдегі № 427 қаулысы. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2-2-106 болып тіркелген);

4. "Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 647 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2-2-126 болып тіркелген);

5. "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 648 (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2-2-127 болып тіркелген);

6."Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қала әкімдігінің 2011 жылғы 09 желтоқсандағы № 648 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 672 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2077 болып тіркелген);

7."Қапшағай қаласы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2015 жылғы 03 ақпандағы № 45 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3072 болып тіркелген).

8."Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2017 жылғы 9 ақпандағы № 113 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4114 болып тіркелген).